ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

1 апта

4-6 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

1 апта

Аптаның жобасы:

«Мен таңдаған мамандық»

Мақсаты:
Армандағы мамандықтың қоғам үшін пайдасын, қажеттілігін зерттеу. "Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!" - дегендей, әртүрлі мамандықтың артықшылығы мен кемшін тұстарын анықтап, өзіңіздің қалауыңыз бен қабілетіңізге сай мамандықты таңдап алуды қарастыру.

Тапсырманы орындау:
Болашақта өзіңіз таңдаған мамандығыңыздың иесі ретінде елестетіңіз. Ватман, бояулар, қылқалам және басқа да кеңсе заттарын алыңыз. Жасайтын баннеріңіздің дизайнын ойластырып, сіздің кәсібіңіздің мақсатын, қоғам үшін пайдасын, сондай-ақ, ол кәсіптің күрделілігі мен жауапкершілігі туралы жазыңыз. Болашақта өзіңізді осы мамандық иесі ретінде қалай елестетесіз, кәсіби портретіңізді суретке түсіріңіз.

Күнделікті бір жақсылық жасау:

ДҮЙСЕНБІ

Жақындарыңыздың, ұстаздарыңыздың немесе достарыңыздың бірін таңдап алып оны қуантуға тырысыңыз. Өз қолыңызбен ерекше заттар жасап, оны қуаныш сыйлайтын оңтайлы сәтте сыйлауға тырысыңыз. (Моншақтан жасалған білезік, түрлі-түсті қағаздан гүл шоғы, түрлі бояулармен жасалған сурет, фото-коллаж, т.б секілді сыйлық жасау)

Сейсенбі

Досыңызға қоңырау шалып, қал-жағдайын сұраңыз.

Сәрсенбі

Себеп іздеместен, ата-анаңызға, жақындарыңызға алғыс айтуға дағдыланыңыз.

Бейсенбі

Тамақтан кейін ыдыс-аяқты жинастырып жуыңыз.

Жұма

Бауырларыңызға үй тапсырмаларын орындауға көмектесіңіз.

Сенбі

"Жақсы сөз - жарым ырыс", - демекші, күні бойы қошемет сөздер айтуға дағдыланыңыз.

Жексенбі

Үй-ішін жинастыруға қолғабыс болуға тырысыңыз.

1 апта

Аптаның қолөнер туындысы:

"Күздегі ағаш"

Мақсаты: картон мен пластилиннен әдемі және креативті ағаш жасауды үйрену.

Тапсырманы орындау: түрлі-түсті пластилин, картон, шприц және ыстық су дайындау. Содан кейін осы бейне нұсқауларды орындаңыз:

https://www.instagram.com/p/B8wPWdgonx9/?igshid=1mrhijqg1nobo

Апта ішінде көруге ұсынылатын деректі фильмдер:

1) «Дара тұлға». Оқу-танымдық анимация (2018 ж) Құрманғазы Сағырбайұлы

https://www.youtube.com/watch?v=BEsGjYjGEz8

1 апта

Аптаның ғибратты әңгімесі:

Таза бұлақ

Ыбырай Алтынсарин

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш кылып, тастың су ағар жеріне жазу жазыпты:
- Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол! - деп. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол:
- Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, - деді.
Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:
- Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді; бұлай болса адамға да әбірет сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек, - деді.
Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» - деп сұрады.

1 апта

Жігіт айтты:
- Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңілінді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, - деді.

"Кітап -алтын қазына",
апталық оқуға ұсынылатын әдебиет:

Сайын Мұратбеков "Жусан иісі"
Ертегіші Аянның тағдыры бар Сайын ағаның балалық шағында... «Балалар, тоқтаңдаршы. Мен сендерге кешегіден де қызықты ертегі айтып беремін» деп аяғын сылти басып, балалардың соңынан еріп жүретін Аянның аянышты тағдыры бүгінгі оқырманға таңсық болмас. «Жусан иісі» әңгімесін оқыған сайын, әуелі есімізге

1 апта

жусанның иісі оралады. Жусанның иісі ауылда өскен, ауылда дүниеге келген, ауылдың қара топырағын иіскеп өскен әр баланың есіне оралатыны анық. Ертегіші баланың тағдыры қалай жалғасын табатынын Жусан иісі шығармасын оқу арқылы біле аласыздар.

Аптаның ойыны:

“Адам-Зат”

Ойынның мақсаты: Баланың ойлау қабілетінің жан-жақтылығын, шапшаңдығын, тапқырлығын арттыру.

Орындалуы: Отбасы мүшелерінің әрқайсысының өз парағы болады. Ойыншылардың бірі кез келген әріпті атайды. Сол әріптен басталатын сөздер құра бастайды. Парақты 5 қатарға бөледі: 1-қатар – Адам, яғни, айтылған әріптен басталатын адам есімін жазу керек; 2-қатар – зат , 3-қатар – жануар, 4-қатар- қала, 5-қатар – өсімдік. Ойыншылар қалағаны бойынша қатар санын көбейте алады. Ойыншылар толтырған қатары бойынша белгілі бір ұпай жинайды. Ойын соңында кімде көп ұпай болса, сол ойыншы ұтады. Бұл ойынды бала өзі білетін кез келген тілде ойнаса болады. Бұл ойын арқылы баланың сөздік қорын дамытып, тапқырлығын шыңдауға болады.

	Адам - 5 ұпай	Зат- 5 ұпай	Жануар- 5 ұпай	Қала - 5 ұпай	Өсімдік- 5 ұпай	
1	Айнұр -5	Айна - 5	Арыстан - 5	Алматы -5	Ағай - 5	25
2	Қанат - 5	Қасық - 5	Қасқыр - 5	0	Қызғалдақ-5	20
3						

1 апта

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

1) «Ғажайып»

Бір жағынан бала Август Пулман, өзімен жасты басқа ұлдар сияқты достарының туған күндеріне баруды, компьютерлік ойындар ойнауды ұнатады, өзінің итімен ойнайды, үлкен әпкесімен өте жақсы араласады. Екінші жағынан, ол оның жасындағы басқа ұлдар сияқты емес. Біріншіден, Август ешқашан қарапайым мектепке бармаған - бірінші сыныптан бастап Августпен үйде анасы айналысқан. Екіншіден, Августке 27 ота жасалған. Өйткені Август өте сирек кездесетін генетикалық ауруға шалдыққан. Міне, осындай бала мектепте, енді қарапайым мектепте білім ала бастайды.

2) «Тыңшылардың балалары»

Роберт Родригестің «Тыңшылардың балалары» деп аталатын шытырманға толы кинофильмін көруді ұсынамыз. Бұл фильмнің көріктілігі -оның барлық отбасы мүшелерін – балалар мен үлкен-дерді де қызықтыратындығында.
Грегорио және Ингрид Кортес – бір-бірін ұнатып, кейін жұмыстан кетіп, ата-ана болған бұрынғы арнайы агенттер. Олардың балалары, Кармен және оның ағасы Джуни, анасы мен әкесінің бұрынғы өмірлері туралы білмейді. Олар тыныш, бірқалыпты өмір сүріп келе жатқанда, бір күні барлығы өзгереді, әке-шешелеріне бұрынғы жұмысына қайтып оралуға тура келеді, бірақ тапсырма қиын болғандықтан, ол жұмысқа әке-шешесінің құпиясын біліп қойған балалары да кіріседі. Осы жерден бастап нағыз күтпеген оқиғалар басталады! Енді олардың ата-анасының тағдыры, балаларының аңызға айналған ата-анасының арсеналындағы барлық жаңа аса құпиялы тыңшылық заттарды дұрыс қолдануларына байланысты болады...

www.qundylyq.kz